

СӨЗІММЕН ХАЛҚЫМ АМАЛ ҚЫЛСЫН ДЕСЕҢ, АМАЛ ҚЫЛ ӨЗ СӨЗІҢМЕН ӘУЕЛ ӨЗІҢ!

Мәшһүр Жүсіп

Баянтау

ГАЗЕТІ



Газет 1931 жылғы
4 қыркүйектен шыға бастады

№28 (11544) 23 шілде, 2026 жыл

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз



ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНЕН
ТЫС ЖЕРДЕ ДАУЫС БЕРУ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Денсаулық жағдайына, отбасының сырқат мүшесіне күтім жасау себебіне, сондай-ақ сайлау учаскелері құрылмаған шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда болуына байланысты дауыс беру күні сайлау учаскесіне келе алмайтын Қазақстан Республикасының азаматтары дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруге құқылы.

Ол үшін сайлаушы дауыс беру күні (2026 жылғы 23 тамыз) жергілікті уақытпен сағат 12:00-ден кешіктірмей, өзінің тіркелген аумағындағы учаскелік сайлау комиссиясына барып, болатын жері бойынша дауыс беруді ұйымдастыру туралы жазбаша өтініш беруі қажет.

Дауыс беру күні учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі берілген өтініш негізінде және жеке басын куәландыратын құжатты ұсынғаннан кейін сайлаушыға дауыс беруге арналған бюллетень береді. Дауыс беруге арналған бюллетеньді алу фактісі өтініште сайлаушының қолымен куәландырылады.

Учаскелік сайлау комиссиясының бюллетеньді берген мүшесі оған өзінің қолын қояды, сондай-ақ сайлаушының өтінішіне қол қояды. Дауыс беруді өткізу кезінде сайлаушының ерік білдіру құпиясының міндетті сақталуы қамтамасыз етіледі.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы

АПТА АЙШЫҒЫ

ТУРИЗМНІҢ ЖАҢА ТЫНЫСЫ

Баянауыл баурайында заманауи технологиялармен жабдықталған «Visit Bayanaul «Сарыарқа сыры»» визит-орталығы салтанатты түрде есігін айқара ашты. Туристік әлеуеті зор киелі өңірдің тарихы мен мәдени мұрасын жаңа форматта насихаттауды кездейтін бұл нысан – Мемлекет басшысының туристік инфрақұрылымды дамыту жөніндегі тапсырмасы аясында жүзеге асқан маңызды жобаның бірі.

(Жалғасы 2-бетте)



БАЯНАУЫЛДЫҢ ЖАҢА СИМВОЛЫ:

ҚҰЛАҒАН СТЕЛА ҮШ ЖЫЛДАН СОҢ ҚАЙТА БОЙ КӨТЕРДІ



Баянауыл ауылының кіреберісінде заманауи үлгідегі жаңа стела бой көтеріп, құтты мекеннің сәулеттік келбетін айшықтай түсті. Естеріңізде болса, осыдан үш жыл бұрын, яғни 2023 жылғы 18 қарашада өңірде болған жойқын дауыл салдарынан Баянауылдың кіреберіс белгісі құлап қалған болатын. Міне, арада үш жыл өткенде зақымдалған нысанның орнына ұлттық нақыштағы еңселі жаңа кешен бой көтеріп, аудан халқын бір қуантты.



Гүлден ТАХАН

Бұл жоба ауданның туристік тартымдылығын арттырып, өңірдің жаңа брендин қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам болып табылады. Құрылыс жұмыстарын «ГИДРОПРОМ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі сәтті жүзеге асырды. Жоба аясында жаңа стела орнатылып қана қоймай, оған іргелес аумақ толықтай абаттандырылды. Келушілердің қауіпсіздігі мен қолайлылығы үшін алаңға тротуар тастары төселіп, көгал егілді, кіреберіс жолдар асфальтталып, тиісті жол таңбалары сызылды.

(Жалғасы 2-бетте)



АПТА АЙШЫҒЫ

ТУРИЗМНІҢ ЖАҢА
ТЫНЫСЫ

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Салтанатты шараға Павлодар облысының әкімі Асайын Байханов, облыс және аудан басшылығы, зиялы қауым өкілдері мен ауыл тұрғындары қатысты. Өңір басшысы өз сөзінде Баянауылдың тек табиғи сұлулығымен ғана емес, тарихи-мәдени мұрасымен де ерекшеленетінін атап өтіп, жаңа орталықтың аймақ туризмін дамытудағы маңызына тоқталды.

Шара барысында осы жобаның сәтті жүзеге асуына атсалысқан бірқатар азаматтар, атап айтқанда «Еуразиялық топ» ЖШС менеджері Балым Гаязова, «Youthart» қорының құрылтайшысы, Алматы қаласы мәслихатының депутаты Кристина Бекмурзаева және мердігер «СМУ-Астана LTD» ЖШС директоры Еркін Қапаров облыс әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Ал жаңа ғимараттың лентасын қию құрметі Павлодар облысы және ардагер ұстаз, Баянауыл ауданының Құрметті азаматты Мұрат Рахметов және Баянауыл ауданының Құрметті азаматы Нескен Мәліковаға, сонымен бірге, республикалық «ЮНИОР» олимпиадасының жүлдегері, 8-сынып оқушысы Зере Игенбаеваға бұйырды.

Музейі бар зәулім кешеннің

құрылысы екі жылға созылды. Жоба барысында заманауи мультимедиялық технологиялар мен жасанды интеллект жүйесін енгізу мақсатында түзетулер енгізіліп, қаржыландыру мәселесі толық шешілді. Нәтижесінде құрылыс-монтаж жұмыстары сәтті аяқталып, бүгінде нысанды пайдалануға беру құжаттары рәсімделіп жатыр.

Еуропалық стандарттарға сай бой көтерген ғимарат ішінде музей және көрме залдары, қабылдау аймағы, конференция залы, коворкинг кеңістігі, тақырыптық кітапхана мен кофехана орналасқан. Мұнда мүмкіндігі шектеулі жандардың еркін қозғалуына да ерекше жағдай жасалған. Орталықтың басты ерекшелігі – жасанды интеллект негізінде әзірленген интерактивті музей экспозициясы. Ол келушілерді Баянауылдың сан ғасырлық тарихымен, өңірден шыққан ұлы тұлғалардың өмірімен және өлке табиғатымен мүлдем жаңа форматта таныстырады. Бір мезетте 50 адамға дейін қабылдай алатын «Сарыарқа сыры» визит-орталығы – ауданның ғана емес, тұтас облыстың туристік тартымдылығын арттырып, ұлттық мұрамызды заманауи технологиялар арқылы дәріптейтін бірегей орталыққа айналмақ.

Гүлден ТАХАН

БАЯНАУЫЛДЫҢ ЖАҢА СИМВОЛЫ:
ҚҰЛАҒАН СТЕЛА ҮШ ЖЫЛДАН СОҢ ҚАЙТА
БОЙ КӨТЕРДІ

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Жаңа стела алюминий композитті панельдермен қапталған берік металл қаңқадан тұрғызылған. Нысанның көркемдік шешімінде қазақы нақышқа басымдық берілген: бедерлі сәндік элементтер ретінде ат үстіндегі айбынды жігіттің бейнесі, ұлттық ою-өрнектер мен киіз үйдің керегесі үйлесім тапқан. Биіктігі 30 метр болатын зәулім стела Баянауылдың асқақ рухың, терең тарихы мен бай мәдениетін айшықтап тұр. Мұнымен қоса, кешен құрамында табиғи тас плиталармен қапталған, ұзындығы 12 метрлік «Вауапай!» жазуы бар сәндік қабырға салынды. Стеланың тұғыры гранитпен өрленіп, нысанның сәні мен беріктігін арттыра түсті. Жобаның жалпы сметалық құны 185,1 миллион теңгені құрады.

Бүгінде құрылыс-монтаж жұмыстары толық аяқталып, жаңа кіреберіс кешені пайдалануға берілді. Табиғаттың тосын мінезіне төтеп берерліктей заманауи сәулеттік шешіммен және ұлттық құндылықтармен астасып салынған бұл нысан Баянауылға табан тіреген әрбір қонақты жылы жүзбен қарсы алатын ерекше символға айналмақ.

ЖАҢА КІТАП
ӨЛКЕ ТАРИХЫН ТҮГЕНДЕГЕН
ТАҒЫЛЫМДЫ ЕҢБЕК

Баянауыл ауылындағы жаңадан ашылған «Сарыарқа сыры» визит-орталығының мәжіліс залында белгілі өлкетанушы, туризм саласының үздігі, республикалық «Елім-ай» сыйлығының иегері, Баянауыл ауданының Құрметті азаматы Алтынбек Құрмановтың «Көне Көктау оттары» атты жаңа кітабының салтанатты тұсаукесері өтті.



Рухани кешке өңірдің зиялы қауым өкілдері, ақын-жазушылар, журналистер мен қоғам қайраткерлері қатысты. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Еламан Қабділәшім тізгінін ұстаған шарада Алтынбек Жұматұлының туған өлкесінің шежіресін түгендеуге сіңірген еңбегі ерекше сөз болды. Айта кетейік, автор ширек ғасырдан астам уақыт бойы Баянауыл өңірінің тарихи-мәдени мұрасын зерттеп, архив қорларындағы құнды деректерді жинақтап келеді. Сонымен қатар ол қасиетті Қоңыр әулие үңгірінің шырақшысы ретінде де елге кеңінен танымал.

Салтанатты басқосуда алғашқы құттықтау сөз алған Павлодар облысы мен Баянауыл, Ертіс аудандарының Құрметті азаматы Қорабай Шәкіров жаңа туындының ғылыми әрі рухани құндылығына жоғары баға берді. Ал «Алтын домбыра» иегері Аспанбек Шұғатай авторға арнау жырын жолдап, кештің көркін қыздырды. Кітаптың жарық көруіне Павлодар облысының әкімі Асайын Байханов та арнайы қолдау көрсеткенін айта кету керек. Жаңа кітаптың тұсауын жазушы Сайлау Байбосын мен Май ауданының Құрметті азаматы,

автордың немере ағасы Қайыржан Ахметов кесті. Шара барысында пікір білдірген Қазақстан Журналистер одағы облыстық филиалының төрағасы Болат Аманбаев пен ақын Бейбіт Бөжен еңбектің өлке тарихын зерттеудегі өзектілігіне тоқталды. «Көне Көктау оттары» атты іргелі еңбек бес бөлімнен тұрады. Жинақта Баянауыл өңірінің көне тарихы, Ертіс-Баян өлкесінің көрнекті тұлғалары – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Ермұхан Бекмаханов сынды ұлт зиялылары туралы тың архивтік деректер қамтылған. Сондай-ақ Майкөбе көмір кенішінің шежіресі, саяси қуғын-сүргін кезеңінің ақтаңдақтары мен өңірдің тарихи орындары туралы мол мәлімет берілген.

Кеш соңында автор Алтынбек Құрманов кітаптың жарыққа шығуына қолдау көрсеткен барша азаматтарға шынайы ризашылығын білдіріп, өңір басшысы Асайын Байхановқа қазақы дәстүрмен шапан жапты. «Көне Көктау оттары» – Баянауылдың бай тарихын жаңаша зерделеп, ұлттық руханиятты толықтыратын, жас ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыруға қызмет ететін құнды туынды болмақ.

ӘЛЕМ ТАМСАНҒАН ӘНШІ

Қ.Исабаев атындағы Баянауыл аудандық орталық кітапханасында қазақ опера өнерінің бұлбұлы, КСРО және Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ермек Серкебаевтың 100 жылдық мерейтойына арналған «Әлем тамсанған әнші» атты танымдық кеш өтті. Тағылымы мол жиынға Торайғыр ауылындағы «Балдәурен» оқу-сауықтыру лагерінде демалып жатқан оқушылар қатысты.

Шара барысында балғындарға заңғар әншінің өнегелі өмір жолы мен шығармашылық жетістіктері туралы кеңінен мағлұмат берілді. Текті жерден шыққан өнер иесінің әкесі Бекмұхамед Құсайынұлы – белгілі педагог, жазушы әрі Жазушылар одағының алғашқы мүшелерінің бірі болса, анасы Зылиха Сабырқызы да ұзақ жылдар ұстаздық еткен. Еңбек жолын радиода дикторлықтан бастап, әйгілі Әнуар Байжанбаевтан тәлім алған жас таланттың дауысын сазгер Мұқан Төлебаев жоғары бағалап, оған опера өнеріне қадам басуға кеңес береді. Осылайша, 1947 жылдан бастап Қазақ опера және балет театрының белді солисіне айналған Ермек Серкебаев ұлттық мәдениеттің алтын діңгегіне айналды.

Кеш барысында оқушылар әншінің репертуарындағы халық өндері мен Абайдың, Жаяу Мұсаның шығармаларына қанықты. Әсіресе, оның орындауындағы «Ақбақай» әнінің 1980 жылғы бейнежазбасы балаларға ерекше әсер қалдырды. Сондай-ақ Ермек Серкебаевтың әлемдік және отандық опера-

лардағы Біржан, Тарғын, Алпамыс, Евгений Онегин мен Дон Жуан секілді күрделі партияларды зор шеберлікпен орындағаны айтылды. Белгілі режиссер Кәукен Кенжетәевтың естеліктерінде: «Ермекпен сахнада жұмыс істеу жеңіл әрі өте қызық еді», - деп жазғаны әншінің кәсібилігін айғақтай түседі. Дүниежүзінің 50-ден астам мемлекетінде өнер көрсетіп, қазақ әнін жаһанға танытқан тұлғаға кезінде шетелдік баспасөз де таңданысын жасырмаған. Мәселен, Швеция мен Швейцарияның беделді басылымдары оның ғажайып баритон даусы мен актерлік шеберлігіне жоғары баға беріп, тамсана жазған болатын.

Кездесуде Ермек Серкебаевтың кино өнеріндегі, әсіресе, режиссер Шәкен Аймановпен арадағы шығармашылық тандемі мен ағалы-інілі сыйластығы да сөз болды. Оның «Біздің сүйікті дәрігер», «Ән шақырады» және «Тақиялы періште» фильмдеріндегі жарқын бейнелері бүгінде қазақ киносының алтын қорында. Жиын соңында «Балдәурен» лагерінің жеткіншектері әншінің орындауында елге танылған әйгілі «Жан досым» әнін бірге шырқады. Жазғы лагерьдің мақсаты балаларды демалып қана қоймай, достыққа баулу болса, кітапхана ұжымының көздегені – Ермек Серкебаевтай әлемді тамсандырған бірегей тұлғаны өскелең ұрпаққа үлгі ету еді. Танымдық шара бұл үдеден толықтай шыға білді.

Еламан Қабділәшім,
кітапханашы



АО «Майкаинзолото»
(наименование субъекта естественной
монополии)

Приложение 1
к Правилам формирования тарифа
форма 11

Отчет об исполнении тарифной сметы на регулируемые услуги по
производству, передаче, распределению и снабжению тепловой
энергией за 1 полугодие 2026 года

п/п	Наименование показателей	Единица измерения	Предусмотрено в утвержденной тарифной смете	Фактически сложившиеся показатели тарифной сметы	Отклонение, в процентах	Причины отклонения
1	2	3	4	5	6	7
I.	Затраты на производство товаров и предоставление услуг, всего	тыс. тенге	118 442	115 990,55	-2	
1.	Материальн. затраты, всего:	тыс. тенге	82 083	61 670,63	-25	
1.1.	сырье и материалы	тыс. тенге	11 793	5 604,98	-52	фактические затраты
1.2.	покупные изделия (вода)	тыс. тенге	7 125	9 972,49	40	фактические затраты
1.3.	горюче-смазочные материалы	тыс. тенге	6,6	53,35	708	фактические затраты
1.4.	топливо (уголь)	тыс. тенге	47 397	33 014,99	-30	фактические затраты
1.5.	энергия (электроэнергия)	тыс. тенге	15 762	13 024,81	-17	фактические затраты
2.	Расходы на оплату труда, всего	тыс. тенге	25 091	26 447,75	5	
2.1.	заработная плата производственного персонала	тыс. тенге	22 551	22 580,94	0	фактические затраты
2.2.	социальный налог	тыс. тенге	1 177	1 181,77	0	фактические затраты
2.3.	социальные отчисления	тыс. тенге	687	838,93	22	фактические затраты
2.4.	ОСМС	тыс. тенге	677	612,05	-10	фактические затраты
2.5.	ОППВ, ОПВР	тыс. тенге		1 234,05		фактические затраты
3.	Амортизация	тыс. тенге	5 578	3 280,31	-41	фактические затраты
4.	Услуги сторонних организаций производственного характера, всего	тыс. тенге	437	6 514	759	
4.1.	экспертиза	тыс. тенге	257	2 746,12	971	фактические затраты
4.2.	поверка приборов	тыс. тенге	61,8	0,00	-100	фактические затраты
4.3.	коммунальные услуги	тыс. тенге	8	6,88	-12	фактические затраты
4.4.	производственный экологический мониторинг	тыс. тенге	111	0,00	-100	фактические затраты
4.5.	объявления	тыс. тенге		452,55		фактические затраты
4.6.	доступ к сайту	тыс. тенге		10,06		фактические затраты
4.7.	прием и захоронение отходов	тыс. тенге		106,40		фактические затраты
4.8.	разработка расчетного эксплуатационного режима системы теплоснабжения	тыс. тенге		1 959,39		фактические затраты
4.9.	добр.мед. страхование	тыс. тенге		383,57		фактические затраты
4.10.	мед.обслуживание и мед.осмотр	тыс. тенге		456,72		фактические затраты
4.11.	обучение	тыс. тенге		392,74		фактические затраты
5.	Прочие затраты, всего	тыс. тенге	5 143	18 077,41	251	
5.1.	услуги РЭМу	тыс. тенге	1 086	705,49	-35	фактические затраты
5.2.	транспортный цех	тыс. тенге	2 488	15 490,37	523	фактические затраты
5.3.	спец.одежда, СИЗы	тыс. тенге	686,0	1 130,87	65	фактические затраты
5.4.	прочие (обяз.страх. работников)	тыс. тенге	883	750,69	-15	фактические затраты
6.	Ремонт, всего	тыс. тенге	109	0,00	-100	
6.1.	Текущий ремонт, не приводящий к росту стоимости основных средств	тыс. тенге	109	0,00	-100	
II.	Расходы периода	тыс. тенге	6 580	7 817,51	19	
7.	Общие и административные расходы, всего	тыс. тенге	6 580	7 817,51	19	
7.1.	заработная плата административного персонала	тыс. тенге	2 277	2 525,38	11	фактические затраты
7.2.	социальный налог	тыс. тенге	119	134,95	13	фактические затраты
7.3.	социальные отчисления	тыс. тенге	69	68,70	0	фактические затраты
7.4.	ОСМС	тыс. тенге	68	53,51	-21	фактические затраты

7.5.	ОПВР	тыс. тенге	68	39,40	-42	фактические затраты
7.6.	услуги связи	тыс. тенге	5	2,58	-48	фактические затраты
7.7.	налоговые платежи и сборы	тыс. тенге	3 974	4 992,99	26	фактические затраты
III.	Всего затрат (I + II)	тыс. тенге	125 022	123 808,06	-1	
IV	Доход (РБА*СП)	тыс. тенге				
V	Регулируемая база задействованных активов (РБА)	тыс. тенге	1 584			
VI	Всего доходов	тыс. тенге	125 022	65 840,44	-47	
VII	Объем оказываемых услуг, всего	Гкал	25 064	12 745,11	-49	
	-для населения	Гкал	18 891	9 393,64	-50	
	-для прочих потребителей:	Гкал	6 173	3 351,47	-46	
	- прочие потребители	Гкал		929,31		
	-бюджетные организации	Гкал		2 422,16		
	-собствен. нужды (АО Майкаинзолото».)	Гкал				
VIII	Нормативные технические потери	%	2,66	2,60	-2	
		Гкал	1 865	331,61	-82	
	Тариф средний (без НДС)	тенге/ Гкал	4995,98	9 714,16	94	
	-для населения	тенге/ Гкал	2 108,72			
	-для прочих потребителей	тенге/ Гкал	7 479,31			
	-для бюджетных организаций	тенге/ Гкал	16 545,37			

АО «Майкаинзолото»
(наименование субъекта естественной
монополии)

Приложение 1
к Правилам формирования тарифа
форма 11

Отчет об исполнении тарифной сметы на услуги по подаче воды по
распределительным сетям за 1 полугодие 2026 года

п/п	Наименование показателей	Единица измерения	Предусмотрено в утвержденной тарифной смете за год	Фактически сложившиеся показатели за 1 полугодие 2026 г	Отклонение, в процентах	Причины отклонения
1	2	3	4	5	6	7
I.	Затраты на производство товаров и предоставление услуг,всего, в том числе:	тыс. тенге	155 427,65	79 059,81	-49,13	
1.	Материальные затраты, всего, в том числе:	тыс. тенге	115 691,53	51 159,45	-55,78	
1.1.	сырье и материалы	тыс. тенге	554,10	157,62	-71,55	фактич. затраты за 1 полугодие
1.2.	энергия покупная	тыс. тенге	1 973,75	4 199,82	112,78	фактич. затраты за 1 полугодие
1.3.	вода покупная	тыс. тенге	113 163,68	46 802,02	-58,64	фактич. затраты за 1 полугодие
2.	Затраты на оплату труда, всего, в том числе:	тыс. тенге	37 736,80	25 699,58	-31,90	
2.1.	заработная плата производственного персонала	тыс. тенге	32 934,00	22 633,95	-31,27	фактич. затраты за 1 полугодие
2.2.	социальный налог	тыс. тенге	2 114,36	1 204,98	-43,01	фактич. затраты за 1 полугодие
2.3.	социальное отчисление	тыс. тенге	1 037,42	759,65	-26,77	фактич. затраты за 1 полугодие
2.4.	ОСМС	тыс. тенге	988,02	571,48	-42,16	фактич. затраты за 1 полугодие
2.5.	ОПВР	тыс. тенге	459,00	397,54	-13,39	фактич. затраты за 1 полугодие
2.6.	ОППВ	тыс. тенге	204,00	131,98	-35,30	фактич. затраты за 1 полугодие
3.	Прочие затраты, всего, в том числе:	тыс. тенге	1 999,32	2 200,77	10,08	
3.1.	услуги связи	тыс. тенге	24,70	7,83	-68,31	фактич. затраты за 1 полугодие
3.2.	обязательные виды страхования	тыс. тенге	787,00	719,68	-8,55	фактич. затраты за 1 полугодие
3.3.	охрана труда и техника безопасности	тыс. тенге	1 027,50	1 381,28	34,43	фактич. затраты за 1 полугодие
3.4.	анализ воды, проверка счетчиков	тыс. тенге	160,12	0,00	-100,00	фактич. затраты за 1 полугодие
3.5.	автотранспортные услуги	тыс. тенге		76,07		фактич. затраты за 1 полугодие

(Жалғасы 6-бетте)



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ



ЖАҒАЛАУ АҢАРЫП КЕЛЕДІ

Баянауыл өңірінің басты туристік інжу-маржаны – Жасыбай көлінің жағалауы мен жағажайын абаттандыру жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр. Айтулы аймақты заманауи талаптарға сай жаңғырту ісін мердігер ұйым – «Гидропром» ЖШС қолға алған. Ауқымды құрылыс-монтаж жұмыстарына бюджеттен 1,1 миллиард теңгеден астам қаражат бөлініп, жөндеу шаралары биылғы 10 мамырда басталған болатын.

Жазғы туристік маусымда демалушылардың жайлылығын қамтамасыз ету мақсатында жағажай аумағындағы негізгі жұмыстар мерзімінен бұрын аяқталды. Бүгінде келушілер игілігі үшін күннен қорғайтын 64 саңырауқұлақ тәріздес қалқан мен 3 үлкен шатыр орнатылып, жағажай қолданысқа берілді. Ауқымды жоба аясында Жасыбай жағалауында заманауи демалыс инфрақұрылымы толық қалыптаспақ. Атап айтқанда, демалушылар үшін 438 шезлонг, арнайы душ және киім ауыстыру кабинеттері, фуд-корттар мен балалар ойын алаңы бой көтереді. Сондай-ақ белсенді демалысты жаны сүйетіндер үшін футбол және волейбол алаңдары, 540 шаршы метрлік арнайы декингтен жасалған жаяу жүргінші жолы, медициналық пункт пен заманауи дәретханалар қарастырылған.

Бүгінгі таңда жоспарланған жұмыстардың басым бөлігі толық орындалды. Күннен қорғайтын қалқандар мен шатырлар орнатылып, кеспетас жабындысы төселді. Сонымен қатар спорт алаңдарының қоршаулары қойылып, нысандардың металл қаңқалары толық құрастырылды. Қазіргі уақытта фуд-корттар мен медициналық пунктті және өзге де инфрақұрылымдық нысандарды орнату жұмыстары жүріп жатыр. Мердігер компания бұл шараларды ағымдағы жылдың тамыз айына дейін толық аяқтауды жоспарлап отыр.

Жасыбай көлінің жағалауын жаңғырту жобасы туристерге қолайлы әрі қауіпсіз демалыс сыйлап қана қоймай, Баянауылдың туристік брендин жаңа деңгейге көтеріп, өңірдің дамуына жаңа серпін бермек.

Г.ТАХАН

БӘРЕКЕЛДІ!

«РАМИФАРМ»: ДӘРІХАНА ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ

Баянауыл ауылында тұрғындарға медициналық қызметтің қолжетімділігін арттыруға бағытталған тағы бір маңызды нысан – «Рамифарм» дәріханасы өз жұмысын бастады. Әуезов көшесі, 90 мекенжайында орналасқан жаңа дәріхана аудан жұртшылығын сапалы дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге жол ашпақ.

Жаңа дәріхананың иесі, Баянауыл ауылының тумасы Баянбек Қырқаевтың айтуынша, бұл бастама бірнеше жылдан бері ойында жүріпті.

– Баянауылда дәріхана саны аз болғандықтан, тұрғындарға қолжетімді қызмет көрсету мақсатында осы кәсіпті қолға алдық. Ең басты мақсатымыз – халыққа адал қызмет ету. Әрине, ел-жұрт аман болсын, бірақ кез келген жағдайда сапалы дәріхананың болуы – заман талабы, – дейді кәсіпкер.

Ғимаратты дайындау жұмыстары өткен жылдың желтоқсан айында басталып, 8 ай бойы күрделі жөндеу жүргізілген. Тұрғын үй коммерциялық нысан санатына ауыстырылып, санитарлық әрі техникалық талаптарға толық сәйкестендірілді. Барлық тиісті лицензиялары да заңға сай рәсімделді. Жобаны жүзеге асыруға 15-20

миллион теңге көлемінде жеке қаражат жұмсалған. Ал «Рамифарм» атауы отбасының кенже қызы Раминаның құрметіне беріліпті.

Қазіргі таңда дәріханада кәсіпкердің жұбайы Нұрзада Зәкірқызы Нығметова фармацевт болып қызмет атқарады. Ол – Ресей Федерациясының Орынбор қаласында арнайы білім алған, бұған дейін де емханада еңбек еткен білікті маман. Отбасылық кәсіпті ашу жолында бағыт-бағдар беріп, үлкен қолдау көрсеткен өз ісінің шеберлері Дәурен Бахашев пен Мақпал Әлімоваға кәсіп иелері ерекше алғысын білдіреді. «Осы азаматтардың көмегі мен бағалы кеңестерінің арқасында арманымыздағы дәріхананы ашуға мүмкіндік алдық», – дейді олар.

Жаңа бастамадан мемлекеттік қолдау да тыс қалған жоқ. Кәсіпкер Мансап орталығы ұйымдастырған «Бастау Бизнес» жобасы аясында 400 АЕК көлемінде қайтарымсыз грантты жеңіп алды. Бұл қаржы кәсіпті одан әрі дамытуға жұмсалмақ.

Салтанатты ашылу рәсіміне аудан әкімдігі қолдау білдіріп, лентаны аудан әкімінің орынбасары Еркін Арыстанбеков, кәсіпкердің әкесі Айдарбек Қырқаев және қайын атасы Зәкір Нығметов қиды. Дәріхананың жұмыс кестесіне келсек, күн сайын сағат 09:00-ден 19:00-ге дейін халыққа



қызмет көрсетеді. Түскі үзіліс: 13:00-14:00. Жалпы дәріхана сенбі және жексенбі күндері де жұмыс істейді. Өңірде білікті фармацевтер тапшы болғандықтан, өзінше бір маман қызмет көрсетуде. Мәселе шешімін тапса, дәріхананы тәулік бойы (24/7) жұмыс істеу режиміне көшіру жоспарланған.

Жаңа дәріхананың ашылуы – Баянауыл тұрғындарының сұранысына жауап берген әлеуметтік маңызы бар бастама әрі өңірдегі шағын кәсіпкерлікті дамытуға қосылған үлес.


Гүлден ЕРҒАЛИҚЫЗЫ



ТАҒЫМ

КҮНІМЖАН АТАНЫҢ ШАРАПАТЫ

Патшалық Ресейдің отарлау саясаты мен елдің елдігін сақтаған билер институты – тарихымыздың өшпес парағы. Алтай мен Атыраудың арасын алып жатқан ұланғайыр далада халықтық дәстүрді, бітімгершілік пен тұтастықты ұйытқан аузы дуалы би-болыстардың орны бөлек еді. Сондай тектінің тұяғы, ел ішінде өзіндік орны бар дара тұлғалардың бірі – Күнімжан Кеншімбайұлы.



Архив деректері не дейді?

Күнімжан ата 1857 жылы дүниеге келген. Ол – Қанжығалы руының Құрманқұл, Қотанбол аталарынан тараған Кеншімбай, Ермекбай, Қасқырбай ұрпағының өкілі. 2023 жылы Кеншімбай атадан тараған ұрпақтары Шақшан тауының бөктерінде жерленген Кеншімбай мен Күнімжан аталардың зиратына арнайы ескерткіш тас орнатты. Ескерткіш таста архив дерегі бойынша: «Кеншімбай Қотанболұлы. 1850 ж. Кеншімбай – 75 жастағы құрметті қырғыз (қазақ), қарапайым, әділ әрі ауқатты адам» деген сөздер қашалған. Ал 1866 жылы ол «Старшиналар тізіміне» енген.

Күнімжан атаның ұлы Сүйінғали молданың ұрпақтары құрастырған «Қанжығалы шежіресі» атты құжаттық кітапшада да маңызды деректер кездеседі. Баянауыл дуанына қарасты әрбір қыстақ бойынша би-болыстар сайланғаны белгілі. 1895 жылдың 12 желтоқсанында берілген мәліметте №11 ауылдың биі болып Күнімжан Кеншімбайұлы бекітілгені жазылған (патшалық дәуірде қазақ ауылдары арнайы нөмірлермен аталғаны тарихтан белгілі).

Кейінгі деректерге сүйенсек, 1898 жылдың тамыз айындағы сайлауда Шақшан болыстығы толығымен Әжібай-Қанжығалы руының ауылдарынан құралған. Қазақ ауылдары ел басқарған азаматтардың ұйытқы болуымен Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында 300 рубль, кейіннен патша үкіметіне 100 рубльден үш рет қаражат жинап берген. Сол жылдары патшалық Ресей «Қырғыз тау-кен акционерлік қоғамын» құрып, Баянауыл мен Майқайың төңірегіндегі, Шақшан болыстығына қарасты жерлерде қазба байлықтарды зерттей бастайды.

1917-1921 жылдардағы азамат

соғысынан кейін Кеңес үкіметі де Баянауыл өңіріне ерекше назар аударды. Сол кезеңде Шақшан революциялық болыстығын Лекер Молдиннің баласы Жақып Лекеров басқарса, 1923-1928 жылдары барлық ауылдар Қызылтау болыстығына қарады. өлкетанушылар Дәурен Аяшинов пен Поповтың зерттеулеріне сүйенсек, 1928 жылдан бастап ірі мал шаруашылығы бар жергілікті халықты «бай-кулак» деп қудалау, мүлкін кәмпескелеу науқаны белең алды. Мұның соңы көптеген отбасының түн жамылып босып кетуіне әкеп соқты.

Шаруаға мығым, атбегі Күнімжан би

Сондай қиын-қыстау заманда да қазақ халқы рухани болмысын жоғалтпады. «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Жеті жарғы» сияқты дала заңдары адамгершілік құндылықтарды бөрінен жоғары қойды. Сөз қадірін білген Күнімжан атамыз шаруаға өте мығым, әкесі Кеншімбай бидің дәулетін еселей білген жан еді. Ширақ та епті атамыздың бойында атбегілік қасиет айрықша болған. Жақсы ат болатын жылқыны құлын кезінен танитын сұңғылалығы бар еді.

Ауыл арасында мініп жүретін аттарынан бөлек, нақты айтсақ, көкпарға салатын ұшқыр аты, тақымға басатын белді аты, той-томалақ пен билік жиындарына мінетін жорғасы мен жүйрігі үнемі кермесінде байлаулы тұрған. Бәйгеге шабатын сәйгүліктерді таудың басындағы тың жайылымға жеке жіберіп, ел-жұрт: «Биекең айтты, орындаңдар» деп ол шешімді бұлжытпай орындайды екен.

Күнімжан атаның билік еткен кезеңі Баянауыл өңірінде ауқатты,

озық ойлы азаматтардың егіншілікке бет бұрып, қалалық мәдениетпен түйісе бастаған шағына тұс келді. Ол балаларына: «Мал өсіру – ата кәсіп, бабадан жеткен асыл мұра. Атамекен жерімізді иелену – біздің басты парызымыз» - деп үнемі өсиет айтып отыратын.

Тектілікті терең сақтаған ұрпақ

1930 жылдардағы нәубет Күнімжан атаның да басына төнді. Кеңес үкіметі орнап, «кедейлердің қас жауы» деп даурыққан шолақ белсенділер көбейген тұста, заман ағымын зерделеген Күнімжан би баласы Сүйінғалиды шақырып алып, тегін Құлымжан деп өзгертуді ұсынады. «Қырсығым ұрпағыма тимесін. Заман әлі-ақ өзінің қалпына келер, сол кезде артымда қалған балаларым маған алғысын айтар», - деген екен жаратылысы бөлек би-бабамыз.

Сүйінғали Күнімжанұлы 1904 жылы Шақшан болысында дүниеге келген. 1927-1930 жылдары Құлымжанов тегімен Украина жерінде әскери борышын өтеп, аман-есен елге оралады. Кейін НКВД-да қызмет етіп, өмірдің талай күрделі белестерінен өтеді. Ауыл-аймағына палуандығымен де танымал Сүйінғали ата Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында тылда еңбек етті.

Жасы ұлғайған шағында Бірлік ауылының аузы дуалы молдасы болып, асыл дініміз бен ділімізді ұлықтауға зор үлес қосты. Ата тәрбиесін бойына сіңірген ол балалары Жасұлан мен Болатты да имандылық жолына баулады. Өкінішке орай, Жасұлан Сүйінғалиұлы өмірден өтті, ал Болат Сүйінғалиұлы бүгінде Баянауыл ауданының орталығында тұрып жатыр.

Түйін

Ертіс – Кереку өңірінде діни сауатты, қайраткерлігі мол, өнегелі сөзі ел аузында қалған тұлғалардың қатарында Күнімжан Кеншімбайұлының орны ерекше. Кеңестік керітартпа саясаттың қыспағына қарамастан намазын қаза қылмаған Күнімжан атаның шарапаты ұрпағына дарыды. Таяуда Бірлік ауылындағы «Бекен ұста» мешітінде Кеншімбай, Күнімжан бабаларға және олардан тараған аруақтарға бағышталып дұға асы берілгелі жатыр. Ел ішіндегі осындай сауапты істер мен ұрпақтар сабақтастығы үзілмегей. Күнімжан атаның даналығы, даралығы, қазақы әдет-ғұрып пен парасаттылықты жалғастырған қайраткерлік тұлғасы ғасырлар көшінде асқақтай берері хақ.

Бағзад НҰРТАЙҚЫЗЫ,
жергілікті тілші



(Жалғасы. Басы 3-бетте)

Отчет об исполнении тарифной сметы на услуги по подаче воды по
распределительным сетям за 1 полугодие 2026 года

3.6.	услуга доступа к сайту	тыс. тенге		15,91		фактич. затраты за 1 полугодие
3.7.	аттестация	тыс. тенге		1,69		фактич. затраты за 1 полугодие
3.8.	мед.страхование	тыс. тенге		0,00		фактич. затраты за 1 полугодие
3.9.	мед.обслуживание	тыс. тенге		0,00		фактич. затраты за 1 полугодие
3.10	обучение	тыс. тенге		92,55		фактич. затраты за 1 полугодие
II.	Расходы периода	тыс. тенге	2 984,01	819,33	-72,54	фактич. затраты за 1 полугодие
4.	Общие и административные расходы, всего	тыс. тенге	2 984,01	819,33	-72,54	фактич. затраты за 1 полугодие
4.1.	заработная плата административного персонала	тыс. тенге	2 605,50	707,71	-72,84	фактич. затраты за 1 полугодие
4.2.	социальный налог	тыс. тенге	132,10	37,02	-71,97	фактич. затраты за 1 полугодие
4.3.	социальное отчисление	тыс. тенге	117,25	28,83	-75,42	фактич. затраты за 1 полугодие
4.4.	ОСМС	тыс. тенге	78,16	21,23	-72,84	фактич. затраты за 1 полугодие
4.5.	ОПВР	тыс. тенге	51,00	24,55	-51,87	фактич. затраты за 1 полугодие
III.	Всего затрат (I + II)	тыс. тенге	158 411,66	79 879,14	-49,57	
IV	Всего доходов	тыс. тенге	158 411,66	49 213,53	-68,93	
V	Объем предоставляемых услуг	тыс. м3	418,00	117,48	-71,89	
	-для населения	тыс. м3	352,70	94,97	-73,07	
	-для прочих потребителей	тыс. м3	53,00	16,18	-69,47	
	-для бюджетных организаций	тыс. м3	12,30	6,33	-48,55	
	-АО «Майкаинзолото»	тыс. м3				
VI	Нормативные технические потери	%	8,90	16,79	88,62	
		тыс. м3	37,30	19,72	-47,13	
VIII	Тариф-средний (без НДС)	тенге/ м3	378,98	679,93	79,41	
	для физических лиц, относящихся к категории населения	тенге/ м3	215,00			
	для прочих потребителей	тенге/ м3	1 215,00			
	для бюджетных организаций	тенге/ м3	1 478,55			

Приложение 3 к
Правилам утверждения инвестиционных программ (проектов)
субъекта естественной монополии, их корректировки, а также проведения анализа информации об их исполнении

Информация субъекта естественной монополий АО «Майкаинзолото» об исполнении инвестиционной программы (проекта)* за первое полугодие 2026 года, по предоставлению регулируемых коммунальных услуг по производству, передаче, распределению и снабжению тепловой энергией

p/c №	Информация о плановых и фактических объемах предоставления регулируемых услуг (товаров, работ)					Отчет о прибылях и убытках*	Сумма инвестиционной программы (проекта), тысяч тенге	Информация о фактических условиях и размерах финансирования инвестиционной программы (проекта), тыс. Тенге	Информация о сопоставлении фактических показателей исполнения инвестиционной программы (проекта) с показателями, утвержденными в инвестиционной программе (проекте)**	Информация о сопоставлении фактических показателей исполнения инвестиционной программы (проекта) с показателями, утвержденными в инвестиционной программе (проекте)**	Оценка повышения качества и надежности предоставляемых регулируемых услуг (товаров, работ)														
	Наименование регулируемых услуг (товаров, работ) и обслуживаемая территория	Наименование мероприятий	Единица измерения	Количество в натуральных показателях	Период предоставления услуги в рамках инвестиционной программы (проекта)																				
							План	факт	отклонение	причины отклонения	собственные средства		Заемные средства	Бюджетные средства	Улучшение производственных показателей, %, по годам реализации в зависимости от утвержденной инвестиционной программы (проекта)	Снижение износа (физического) основных фондов (активов), %, по годам реализации в зависимости от утвержденной инвестиционной программы (проекта)	Снижение потерь, %, по годам реализации в зависимости от утвержденной инвестиционной программы (проекта)	Снижение аварийности, по годам реализации в зависимости от утвержденной инвестиционной программы (проекта)							
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26
1.	Услуги по производству, передаче, распределению и снабжению тепловой энергией, РК, Павлодарская область, Баянаульский район, п.Майкаин	Всего: 1.Капитальный ремонт верхнего блока экономайзера чугунный блочный ЭБ-808п с газоимпульсной очисткой парового котла КЕ -25/14С, стац.№ 6	шт.	1		2026 г.		4171,8				5 578,00	293,8												
		2. Замена котлового насоса ЦНСг-38-176 в комплекте с электродвигателем 30кВт.3000об/мин	шт.	1		2026г.		1 700.0				1 700,00	0												

Информация об исполнении:

- П.1 Подана заявка на закуп материалов: трубы, калачи, дуги и комплект метизов. Материалы в стадии закупа
П.2. Подана заявка на закуп котлового насоса. Насос ЦНСг-38-176 в комплекте с электродвигателем 30 кВт/3000 об/мин, в стадии закупа

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Майкаинзолото» АҚ (140308, Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Майқайың көні, Ә.Әбдіқалықов көшесі, 13Д құрылыс) 2026 жылы 22 шілдеде тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және жабдықтау жылу,тарифтік жүйенің және инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, және суды таратушы желілер арқылы қызметтері бойынша реттелетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуы туралы 2026 жарты жылғы есепті тыңдау өткізілгенін хабарлайды

«Майкаинзолото» АҚ баяндамасында есеп берілді:

- бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы;
- бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы;
- есепті кезеңдегі табиғи монополия субъектісі қызметінің негізгі қаржылық-экономикалық көрсеткіштері туралы;
- есепті кезеңде ұсынылған реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемі туралы;
- реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынушылармен жүргізілетін жұмыс туралы;
- есепті кезеңде уәкілетті органның бөлімшесі бекіткен тарифтік сметаның бап бойынша орындалуы туралы;
- қызметтің келешегі (даму жоспары), оның ішінде реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтердің ықтимал өзгерістері туралы.

«Майкаинзолото» АҚ әкімшілігі

ОБЪЯВЛЕНИЕ

АО «Майкаинзолото» (140308, Республика Казахстан, Павлодарская область, Баянаульский район, пос. Майкаин, ул. А.Абдыкалыкова, стр.13Д сообщает, что 22 июля 2026 года были проведены перед потребителями и иными заинтересованными лицами слушания отчета за первое полугодие 2026 года об исполнении тарифной сметы и инвестиционной программы, о соблюдении показателей качества и надежности регулируемых услуг и достижении показателей эффективности деятельности АО «Майкаинзолото» по предоставлению регулируемых услуг: производство, передача, распределение и снабжение тепловой энергией и подаче воды по распределительным сетям

Выступление АО «Майкаинзолото» содержало отчет:

- об исполнении утвержденной тарифной сметы;
- об исполнении утвержденной инвестиционной программы
- об основных финансово-экономических показателях деятельности субъекта естественной монополии за отчетный период;
- об объемах предоставленных регулируемых услуг за отчетный период;
- о проводимой работе с потребителями регулируемых услуг;
- о постатейном исполнении утвержденных ведомством уполномоченного органа тарифных смет за отчетный период;
- о перспективах деятельности (планы развития), о возможных изменениях тарифов на регулируемые услуги.

Администрация АО «Майкаинзолото»



ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз

ЖАҢАРУ ҮШІН
ДАУЫС БЕР!

«Баянтау» газеті 23 шілде,
2026 жыл, №28 (11544)

7

ТІЛСІЗ ЖАУ

ӨРТ ДЕР КЕЗІНДЕ СӨНДІРІЛДІ

20 шілде күні сағат 09:23-те Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің Жасыбай бөлімшесіне қарасты 21-орамның 31-бөлімінде өрт ошағы анықталды. Тілсіз жаудың шығу себебі – найзағай түсуі. Өрттің жалпы ауданы 0,003 гектарды құрады.



Дабыл түскен бойда оқиға орнына Баянауыл МҰТП-нің мемлекеттік орман күзеті қызметкерлері, арнайы техника және «Қазавиаорманқорғау» РМҚК мамандары жедел жұмылдырылды. Шұғыл әрі үйлесімді әрекеттердің арқасында өрттің одан әрі таралуына жол берілмеді.

Сол күні сағат 10:54-те өрт толық оқшауланды. Кейінгі тәулік бойы аумақта үздіксіз бақылау жүргізіліп, қайта тұтанудың алдын алу шаралары атқарылды. Нәтижесінде

21 шілде күні сағат 08:23-те өрт толығымен сөндірілді.

Баянауыл МҰТП қызметкерлері барша азаматтарды табиғат аясында демалу кезінде өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтауға шақырады. Табиғатты бірге қорғап, орманды өрттен сақтайық!

Мұрат Жаслаң,
Баянауыл МҰТП ғылыми
қызметкері

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС

«БАЛДӘУРЕНДЕГІ» КЫЗЫҚТЫ КҮНДЕР

«Балдәурен» жазғы сауықтыру лагерінің басты ерекшелігі – табиғат құшағындағы демалысты терең тәрбиемен, танымдық әрекетпен және шығармашылықпен шебер ұштастыруында.

Торайғыр ауылында орналасқан лагерьде балалар «Адал ұрпақ – жарқын жаз» білім беру-сауықтыру бағдарламасы аясында уақыттарын мазмұнды әрі пайдалы өткізеді.

Лагерьде демалушылар Қоңыр әулие үңгірі, Найзатас, Кемпіртас сияқты табиғат кереметтері мен Әулиебұлақ, Сарыадыр бұлақтарына саяхаттайды. Сонымен бірге Қ.И.Сәтбаев пен С.Торайғыровтың музейлеріне, ауылдық кітапханаға барады. Сабындыкөл жағалауында сергіту және денсаулық нығайту

шаралары, кешкі мәдени бағдарламалар, квесттер, зияткерлік ойындар, пікірсайыстар мен шығармашылық сайыстар ұйымдастырылады. Күн сайын «Шырақ жанындағы әңгіме» атты ерекше рефлексиялық кездесулер өткізіледі.

Бағдарлама «Біртұтас тәрбие: Адал азамат» тұжырымдамасына негізделген. Ол балалардың азаматтық жауапкершілігін арттырып, шығармашылық қабілетін шыңдауға, салауатты өмір салты мен ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруге бағытталған.

«Балдәурен» – бұл жай ғана демалыс орны емес. Бұл – шынайы достық, ұмытылмас әсерлер, қызықты оқиғалар мен бақытты балалық шақ мекені.

Гүлден Хабибуллина,
әдіскер

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Capital Stroy V» ЖШС 2020 жылғы 15 маусымдағы №653-EL лицензиясы бойынша қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспары құрамында қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін ұсынылған материалдар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. Қоғамдық тыңдаулар 27.08.2026 сағат 15:00-де мына мекенжай бойынша өтеді: Павлодар обл., Баянауыл ауд., Ақмектеп ауылы, медициналық пункт. Онлайн форматта қатысу үшін: сәйкестендіргіш 841 3216 6379, кіру коды 491806. Барлық сұрақтар бойынша 87058743858 нөміріне хабарласуға болады. Бастамашысы: «Capital Stroy V» ЖШС; БСН 191040011321; Алматы қ., Бостандық ауд., Ы.Қалдыбаев к., 23-үй. ЖАО: «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ; buhina.raushan@pavlodar.gov.kz, unosvr_15.07.2025@mail.ru, 87055403051, 87182372178. Жоба бойынша құжаттама ҰДБ <https://ndbecology.gov.kz/> порталында және ЖАО-ның сайтында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде жарияланған. Барлық ескертулер мен ұсыныстар ҰДБ порталында немесе ЖАО-ның электронды мекенжайы арқылы қабылданады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Capital Stroy V» уведомляет о проведении общественных слушаний по материалам для получения экоразрешения на воздействие в составе план разведки твердых полезных ископаемых по лицензии №653-EL от 15.06.2020г., которые состоятся 27.08.2026 в 15:00 по адресу: Павлодарская обл., Баянаульский р-он, с. Ақмектеп, медпункт. Для участия в онлайн-формате: идентификатор 841 3216 6379; код 491806. По всем вопросам обращаться 87058743858. Инициатор: ТОО «Capital Stroy V»; БИН 191040011321; г.Алматы, Бостандыкский р-он, ул. Ы.Калдыбаева, д. 23. МИО: ГУ «Управление недропользования, окружающей среды и водных ресурсов Павлодарской области»; buhina.raushan@pavlodar.gov.kz, unosvr_15.07.2025@mail.ru, 87055403051, 87182372178. Документация по проекту размещена на портале НБД <https://ndbecology.gov.kz/> и на сайте МИО в разделе «Общественные слушания». Замечания и предложения принимаются портале НБД либо на эл.почту МИО.



ОБЪЯВЛЕНИЕ

Нотариус нотариального округа Павлодарской области Оразбаев А.Ж., лицензия №24020441 от 06.06.2024 года, сообщает об открытии наследства, оставшегося после смерти Казаковой Надежды Александровны, умершей 14.02.2026 года. Тел. нотариуса: 87713132882



«Баянтау» газетінің
редакциясы» ЖШС

Құрылтайшы:

Айдана Тұрғынбайқызы
АЙТУҒАНОВА
8-702-179-10-87

Редакция автордың көзқарасы үшін жауап бермейді. Хаттар, қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Редакция оқырмандардан түскен барлық хаттарға тегіс жауап беруді және түгел жариялауды міндетіне алмайды. «Баянтауда» жарық көрген материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Нөмірді әзірлеу барысында интернет ресурстарынан фотосуреттер пайдаланылады. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2006 жылы 18 мамырда тіркеліп, №7250-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына 1 рет, бейсенбі күні шығады.
Таралымы: 1550 дана
Көлемі: 2 б.т.

Газет «Баянтау» газетінің редакциясында теріліп, беттеліп, «Баспа үйі» ЖШС баспаханасында басылады.

Баспа мекенжайы: Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй.
Газеттің сапасы мен уақытында шығуына баспахана жауап береді.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Павлодар облысы, Баянауыл ауданы,
Баянауыл ауылы, Сәтбаев көшесі, 49-үй
Жұмыс тел.: 9-28-37
Эл. пошта: redakciyabayantau@mail.ru
Instagram: [@bayantau_gazeta](https://www.instagram.com/bayantau_gazeta)
Facebook: Баянтау газеті



«БАЯНАУЫЛ-FEST»

БАЯНАУЫЛ ТӨРІНДЕ ЖҰЛДЫЗДАР ШЕРУІ ӨТТІ

Баянауылдың баурайы қайтадан думанға бөленді. Өңірдің көрікті табиғаты мен туризм әлеуетін насихаттауға арналған «Баянауыл-Fest» мерекелік концертті аудан тұрғындары мен қонақтарына уақытты ұмытылмас әсерге толтырды. Сабындыкөл жағалауында өткен ауқымды мәдени шара елге танымал өнерпаздардың басын қосты.

Кеш жүргізушілері Ғалымжан Кеңшілік пен Айгерім Мұздыбай көрермендерді мерекемен құттықтап, фестивальдің шымылдығын ашты. Мерекелік бағдарламаның алғашқы бөлімінде Павлодар облысы мен Астана қаласының таланттары өнер көрсетті. Сахна төрінде Бауырбек Бектеміров пен Жібек Айтбаева (дуэт), «Рух», «Думан» және «Беу, жігіттер» топтары, әнші Құралай Мейрамбек, айтыскер акын Аспанбек Шұғатаев, «Адау» би тобы өз өнерлерін ортаға салып, көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді. Концерттің екінші бөлігінде қазақстандық эстраданың жарық жұлдыздары сахнаға шықты. Көпшілік сүйіп тыңдайтын Қуандық Рахым,

Жұбаныш Жексенұлы, «КешYOU» тобы, Нұрболат Абдуллин және Kalifarniya өз хиттерін орындап, кештің сәнін келтірді. Жұртшылық сүйікті әншілерімен бірге қосыла ән шырқап, көтеріңкі көңіл-күй кешті.

Думанды кеш соңында аспанды жарқыратқан әсерлі отшашу мен жастар би кеші мерекенің жарқын түйініне айналды. «Баянауыл-Fest» – тек концерт қана емес, бұл – өңірдің туристік тартымдылығын арттырып, мәдени өмірін жандандыруға бағытталған ауқымды жоба. Мұндай фестивальдер ауданның мәдени келбетін айшықтап, табиғат аясындағы демалысты жаңа деңгейге көтереді.

Г.ТАХАН



ӨНЕР



ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҰЛЫҚТАҒАН БАЙҚАУ

21 шілде күні Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы мәдени-сауық орталығының ұйымдастыруымен дәстүрлі «Ақ босаға, ақ келін» атты III аудандық келіндер байқауы өтті. Ұлттық салт-дәстүрді дәріптеп, қазақ келінінің инабаттылығы мен өнерін насихаттаған бұл тағылымды шараға ауданға қарасты ауылдар мен Майқайың кентінен 25-38 жас аралығындағы 8 келін қатысып, бақ сынасты.



Шараның негізгі мақсаты – отбасы құндылықтарын ұлықтау, келін тәрбиесінің терең мәнін ашу, жас келіндердің ұлттық болмысы мен шеберлігін көпшілікке таныту болып табылады. Сайыскерлер өз шеберліктерін төрт кезең бойынша ортаға салды. Мәселен, «Тегін білген тектілік» – таныстыру бөлімінде қатысушылар өздерін және шыққан әулетін таныстырды. «Әр елден келін келер, әртүрлі өнер көрсетер» – шығармашылық қабілеттері мен өнерлерін паш етті. «Келін қандай?» – салт-дәстүрге қатысты сұрақтарға жауап беріп, тапқырлықтарын танытты. «Ақ орамал» – қазақы орамал тағудың әртүрлі үлгілерін көрсетіп, ұлттық киімнің сәні мен мәнін дәріптеді.

Қатысушылардың өнерін Жаяу Мұса атындағы балалар өнер мектебінің ұстазы, қазылар алқасының төрайымы Бибігүл Макарова, дәстүрлі әнші Самал Жақыпова және Лекер ауылдық клубының әдіскері Гүлназия Жүсіпбаева бағалады. Қазылар тарапынан сахна мәдениетіне, ұлттық киім үлгісіне, өнерге бейімділігіне және жауаптардың маз-

мұнына ерекше назар аударылды.

Сараптау нәтижесі бойынша жүлделі орындар төмендегідей бөлінді:

Бас жүлде (40 000 тг): Жаңыл Есенжолова (Ақсан ауылы);

I орын (30 000 тг): Марал Дүйсенбек (Торайғыр ауылы);

II орын (20 000 тг): Әсел Әйтенова (Майқайың кенті);

III орын (15 000 тг): Гүлден Әлімбетова (Бірлік ауылы).

Белсене қатысқан Ардақ Тәуекел (Жаңатілек ауылы), Арнагүл Берекелі (Ж.Аймауытов ауылы), Сая Байгереева (Ж.Шанин ауылы) және Айсұлу Гиниятова (Ұзынбұлақ ауылы) Алғыс хаттармен және 5 мың теңгелік сертификаттармен марапатталды.

Өнегелі шара қазақ келінінің парасаты бейнесін паш еткен мазмұнды мерекеге айналды. Осындай сайыстар арқылы ұлттық рухани құндылықтарымыз жаңғырып, жас ұрпаққа отбасы тәрбиесінің маңызы кеңінен насихаттала бермек.

Г.ТАХАН